

Осы аударма ресми
аударма болып
табылмайды

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

7 ақпан 2024 жыл

№: AIFC-C/CFI/2024/0008 ic

Дамир Мұқашев Мақсатұлы

Талап қоюшы

қарсы

- (1) «АБН АЛЪЯНС» ЖШС-ына,
- (2) Нұрлан Рысбеков Кұрмашұлына,
- (3) Базарқұл Айдаров Раушанұлына

Жауапкерлер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:
Судья Том Монтагю-Смит КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2024 жылғы ақпандағы Талап арыз нысанына сәйкес, Талап қоюшы Халықаралық төрелік орталықтың төрағасы Томас Крюммель мырза 2023 жылғы 3 қазанда ХТО-ның № 32/2023 төрелік талқылауына қатысты жеке дара төреші етіп тағайындаған Снежана Куценко ханым қабылдаған 2024 жылғы 17 қаңтардағы ХТО Төрелік Шешімінің 7-бөлігінде көрсетілген шараларды тану және орындау туралы бұйрық беру жөніндегі өтінішпен сотқа жүгінді.
2. Төрелік Шешімді оқып шығып, мен арыз негізделген деген пікірге келдім. Сондықтан мен Талап қоюшының келесілерге құқықтары бар деп қаулы етемін
 - 1) "АБН АЛЪЯНС" ЖШС-ынан БСН 190340018634, Рысбеков Нұрлан Құрмашұлынан ЖСН 670520350498, Айдаров Базарқұл Раушанұлынан ЖСН 700118301797 ынтымақты түрде Мұқашев Дамир Мақсатұлының ЖСН 750420301403 пайдасына 51 945 641 (елу бір миллион тоғыз жүз қырық бес мың алты жүз қырық бір) теңге берешек сомасы, төлем мерзімінен кешіктірілгені үшін барлық шарттар бойынша қарыз сомасының 5%-ы мөлшерінде және 1 035 000 (бір миллион отыз бес мың) теңге құрайтын Біржолғы айыппұл сомасы, 675 000 (алты жүз жетпіс бес мың) теңге мөлшерінде өкілдің қызметтеріне ақы төлеу шығыстары, 300 000 (үш жүз мың) мөлшерінде төрешінің гонорарын төлеу шығыстары өндіріп алынсын.
3. Жауапкерлерге оған осы Бұйрық табысталған сәттен бастап 14 күннің ішінде осы Бұйрықтың күшін жою туралы арыз беру құқығы беріледі
4. Осы Бұйрық (а) жоғарыдағы 3-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін немесе (b) Жауапкер осы мерзім ішінде берген кез келген арыз түпкілікті қанағаттандырылғанға дейін, бұлардың қайсысы кейінірек орын алғанына қарай, орындалмайды.

Сот қабылдады,

Судья Том Монтагю-Смит КС,
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Benefits & Partners заң фирмасының директоры Данияр Ниязгулов мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

Жауапкерлердің атынан өкілдік етілген жоқ.